



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттарына**

2023 жылғы 24 мамырдағы
№ ДС-200 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Аграрлық ғылымды дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ғылыми-зерттеу институттарын университеттерге беру және аграрлық ғылымның Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілуіне қатысты

Аграрлық ғылымды дамыту мақсатында «білім – ғылым – өндіріс» тиімді тізбегін құру жолымен технологиялық дамыған елдердің тәжірибесі бойынша ғылымда жүйелі өзгерістер жүргізілуде, мұнда ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру өндіріске енгізумен тығыз байланысты.

Анықтама: 9 ғылыми-зерттеу институты ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша халықаралық рейтингте көшбасшы болып табылатын Вагенинген университетінің (Нидерланды) құрамына кіреді.

Сондай-ақ Мичиган, Огайо, Корнелл, Колумбия университеттері (АҚШ) және басқалары сияқты әлемдегі мықты зерттеу университеттерінің құрылымында ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтар бар.

Осыған байланысты «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ (бұдан әрі – «ҰАҒБО» КеАҚ) қызметін трансформациялау бойынша жұмыс жүргізілуде, ол «ҰАҒБО» КеАҚ өңірлік ғылыми және тәжірибелік ұйымдарды аграрлық үш жоғары оқу орнының құрамына беруді көздейді – «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, сондай-ақ Түркістан және Қызылорда облыстарының әкімдіктеріне Оңтүстік ғылыми және тәжірибелік ұйымдардың қатысу үлесінің 49%-дан аспайды (51 % мемлекет атынан Ауыл шаруашылығы министрлігінде).

Ауыл шаруашылығы министрлігінің аталған іс-шаралар аяқталғаннан кейін жоғары оқу орындарын Ғылым және жоғары білім министрлігіне беру мәселесін қарау жоспарлануда.

Ауыл шаруашылығы институттарын базалық қаржыландыруға қатысты

Ғылыми зерттеу ұйымдарын базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында ғылым және жоғары білім министрлігі тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер жұмыстарды үшінші тұлға (бірлесіп орындаушылар) ретінде орындай отырып, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша соңғы бес жыл ішінде үздіксіз базалық қаржыландыруды алатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне енгізуді көздейтін мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Осылайша, бұл шара Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми зерттеу ұйымдарын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесіне қосуға мүмкіндік береді.

Шетелдік басылымдарда ғалымдардың мақалаларын шығаруға және Ұлттық ғылыми кеңестің құрамына қатысты

«Ғылым туралы» Заңға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі мен нәтижелілігі қағидаттарына негізделеді.

Осыған байланысты Ғылым және жоғары білім министрлігі бұрын гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау негізінде алдыңғы конкурстар бойынша өтінімдік белсенділік бойынша гранттық қаржыландыру жобаларының ғылыми жетекшілеріне қойылатын талаптарды белгіледі.

Ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесінің артуының негізгі нысаналы индикаторы ретінде Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus (Elsevier) платформаларындағы ақпараттық ресурстардың деректері бойынша рейтингтік басылымдарда қазақстандық жарияланымдардың өсуі байқалады. Жетекші ғылыми басылымдардағы отандық ғалымдардың жарияланымдық белсенділігі елдің әлемдік рейтингтердегі орнын анықтайды.

Өз кезегінде Ұлттық ғылыми кеңестің құрамын қалыптастыру Үкіметтің «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Кеңестердің құрамдарын уәкілетті орган салалық уәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдардың және басқа да ұйымдардың ұсыныстары мен ұсынымдары Құзыретті қазақстандық және шетелдік ғалымдар, мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер және басқалар қалыптастырады, олардың қорытындысы бойынша Үкімет бекітеді.

Ә. Смайылов